

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1112 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 3470746 (үш миллион төрт жүз жетпіс мың жеті жүз қырық алты) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 9 қарашадағы
N 1112 қаулысына

ҚОСЫМША

О р ы н д а у ғ а ж а т а т ы н

сот шешімдерінің тізбесі

| P/c N | Сот органының атауы мен шешімнің шығарылған күні | Талапкердің Т.Ә.А. | Мемлекеттік бажды шегергендегі сома (теңге) | Мемлекеттік баж (теңге) |
|-------|--|--------------------|---|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003.17.04. шешімі, Астана қаласы сотының қадағалау алқасының 2003.25.12. Астана қаласы сотының алқасының 2005.02.06. қаулысы. | Н.П.Вурц | 287503 | |

| | | | | |
|---|---|-----------------|-----------------------------------|-----|
| 2 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003.15.09. шешімі, Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003.09.12. қаулысы, Астана қаласының соты қадағалау алқасының 2005.30.06. қаулысы. | Ф.М.Кәрімов | 1688669 624880 (20 ай үшін) | |
| 3 | Алматы қалалық сотының 2001.26.11. қаулысы, Алматы қалалық сотының 2002.09.04. қаулысы, Алматы қалалық сотының 2005.23.02. қаулысы. | З.М.Атабаева | 277835 | |
| 4 | Атырау облысы Индер аудандық сотының 2004.18.08. шешімі, Атырау облысы Индер аудандық сотының 2005.27.01. ұйғарымы. | М.У.Кундалина | 100000 | |
| 5 | Қостанай облысының Қостанай қаласы N 2 сотының 2003.28.11. шешімі, Қостанай облысының Қостанай қаласы N 2 сотының 2005.04.03. ұйғарымы. | В. А. Матюхина | 30000 | 436 |
| 6 | Семей қалалық сотының 2004.10.06. шешімі, Семей қалалық сотының 2005.25.02. ұйғарымы. | К. А. Головачук | 110599 | 364 |
| 7 | Қостанай облысының Қостанай қаласы N 2 сотының 2004.27.08. шешімі, Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2004.27.09. қаулысы, Қостанай облысының Қостанай қаласы N 2 | Г. Д. Давыденко | | 460 |

| | | | |
|----------------------|-------------|---------|------|
| сотының ұйғарымы. | 2005.15.04. | 350000 | |
| Жиыны: | | 3469486 | 1260 |
| Жалпы сомасы: | | 3470746 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК